

Ақтау қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 263 "Ақтау қаласының аумағында арнайы бөлінген орындарда жеміс - көкөніс және бақша өнімдерін сататын уақытша сауда аландарын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтау қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 07 қыркүйектегі № 807 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 02 қазанда № 2162 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 03-04/569 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 13.04.2021 № 03-04/569 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қантардағы № 88 "Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Санитариялық қагидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтау қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 263 "Ақтау қаласының аумағында арнайы бөлінген орындарда жеміс-көкөніс және бақша өнімдерін сататын уақытша сауда аландарын белгілеу туралы" қаулысына(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11-1-180 болып тіркелген, 2012 жылғы 12 маусымдағы № 103 "Маңғыстау" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"Ақтау қалалық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (А.Ш. Ержанов):

1) кәсіпкерлердің арасында жеміс-көкөніс және бақша өнімдерін жергілікті базарларға жеткізуді ұлғайтуға және қол жетімділікті кеңейтуге ықпал ететін қажетті түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырын;

2) "Ақтау қаласы бойынша мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (С.Қ. Утеева) бірге, Ақтау қаласының аумағында арнайы бөлінген орындарда жеміс-көкөніс және бақша өнімдерін сататын уақытша сауда аландарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қантардағы № 88 "Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"

"Санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына (одан әрі – Санитариялық қағидалар) сәйкестендіруді қамтамасыз етсін;

3) "Ақтау қалалық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (А.К. Жұзбаева) бірге, Ақтау қаласының аумағында арнайы бөлінген орындарда жеміс-көкөніс және бақша өнімдерін сататын уақытша сауда аландарының көлемі және шекарасы Санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес белгіленсін;

4) "Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (Б.Г. Қасымов) бірге, Ақтау қаласының аумағында арнайы бөлінген орындарда жеміс-көкөніс және бақша өнімдерін сататын уақытша сауда аландарында және оған жалғанған аумақтарда тазалықты қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің

міндеттін атқарушы

Б. Ұлықбабанов

“КЕЛІСІЛДІ”:

“Ақтау қаласы бойынша мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау басқармасы”

мемлекеттік мекемесінің бастығы

С. Утеева

07 қыркүйек 2012 жыл

“КЕЛІСІЛДІ”:

“Ақтау қалалық жер қатынастары бөлімі”
мемлекеттік мекемесі бастығының м.а.

А. Жұзбаева

07 қыркүйек 2012 жыл

“КЕЛІСІЛДІ”:

“Ақтау қалалық кәсіпкерлік бөлімі”
мемлекеттік мекемесінің бастығы

А. Ержанов

07 қыркүйек 2012 жыл

“КЕЛІСІЛДІ”:

“Ақтау қалалық тұрғын-үй
коммуналдық шаруашылығы,
жолаушылар көлігі және

автомобиль жолдары бөлімі”
мемлекеттік мекемесінің бастығы
Б. Қасымов
07 қыркүйек 2012 жыл
“КЕЛІСІЛДІ”:
“Ақтау қаласының ішкі істер басқармасы”
мемлекеттік мекемесінің бастығының м.а.
Ж. Сарсенбаев
07 қыркүйек 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК